

2010 жылы Жуалы ауданының аумағында тұратын 1993 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесінде тіркеуді жүргізуді ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімінің 2010 жылғы 11 қаңтардағы N 1 Шешімі. Жамбыл облысы Жуалы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 05 ақпанда 83 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1 тармағының 13) тармақшасы негізінде, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабының 3 тармағына және «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371

Қ а у л ы с ы н а

с ә й к е с

Ш Е Ш Е М І Н :

1. «Жамбыл облысы Жуалы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы **Ғ. Садыбековке** (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында Жуалы ауданының аумағында тұратын 1993 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды әскери есепке қою үшін тіркеу жүргізу ұсынылсын.

2. Жуалы ауданының және кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімдері «Жамбыл облысы Жуалы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тіркеуге жататын азаматтарды тіркеуге шақырылғаны туралы хабардар етіп, шақыру учаскесіне дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

3. «Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Жамбыл облысы Жуалы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесімен келісілген кесте бойынша ауданның білім беру мекемелерінде оқитын 1993 жылғы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне уақытылы және ұйымшылдықпен жіберуді қамтамасыз етсін.

4. «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы № 226 Қаулысында айқындалған тәртіппен азаматтарды әскери-дәрігерлік сараптамадан өткізу ұсынылсын.

5. «Жамбыл облысы Ішкі істер департаментінің Жуалы аудандық Ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы **Б.А. Налекөвке** (келісім бойынша) әскери

міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіру және ұстау өз құзыреті шегінде
ж ү з е г е а с ы р у ұ с ы н ы л с ы н .

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Жарылқасын
Әбдіғапарұлы Айтақовқа жүктелсін.

7. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне
енеді және бұқаралық ақпарат құралдарында алғаш ресми жарияланған күннен бастап
қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Пралиев

«КЕЛІСІЛДІ»:

«Жамбыл облысы Ішкі істер департаментінің
Жуалы аудандық Ішкі істер бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы полиция
подполковнигі Б. Налеков
11 қаңтар 2010 ж.

«Жамбыл облысы Жуалы ауданының Қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
бастығы подполковник Ғ. Садыбеков
11 қаңтар 2010 ж.